

Ғ.Ә.Тұяқбаев¹, С.О.Құлбарақ², А.С.Закирова³

^{1,3} Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан

² М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз, Қазақстан

E-mail: ¹turmagambet@mail.ru, ²samen-56@mail.ru, ³vip.aselek@list.ru

ORCID: ¹0000-0002-5000-2122, ²0000-0001-6092-5388, ³0000-0003-0246-6843

ОМБЫ ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫНЫҢ ТАРИХИ-АҢЫЗДЫҚ СИПАТЫ

Аңдатпа. Мақалада Ресей Федерациясының Омбы аймағындағы топонимикалық аңыздар туралы сөз болады. Кез келген ұлттың жүріп өткен жолынан хабар беретін бірнеше дерек көздері болса, соның бірі – топонимикалық атаулар. Жер-су атаулары сөз болғанда топонимикалық аңыздар назардан тыс қалмауы керек. Өйткені жер, табиғат – адамзат баласының мекені. Ендеше, адамзат баласының әлемді бейнелі сурет, кейіптеу жолымен тануы, оның құпия сырларына қанығуы, соған байланысты түрлі аңыз-әңгімелерді өмірге әкелуі заңды құбылыс. Осылай пайда болған фольклорлық жанрдың бірі – жер-су атауларының тарихын, ерекшеліктерін әңгімелейтін топонимикалық аңыздар. Қазіргі зерттеу нәтижелері бойынша әлемнің қырыққа жуық мемлекетінде 5 миллионнан астам қазақтар өмір сүреді. Саяси-қоғамдық ғылымдар қоныс аудару, қоныстану т.б. параметрлерге байланысты шетелдердегі қазақтарды «диаспора», «эмигрант» және «ирригент» деп жіктей қарастырады. Осы саяси мәртебе тұрғысынан қарайтын болсақ, Ресей, Қытай, Монғолия, Өзбекстан мемлекеттеріндегі қандастарымыз ирригенттер. Яғни, өздерінің атақонысында өмір сүріп жатқан қазақтар. Сондықтан да аталған аймақтарда қазақша жер-су атаулары және оларға байланысты аңыздар мен этиологиялық әңгімелер сақталып қалған. Топонимдік аңыздарда ата-бабаларымыздың қай жерді, қашан қоныстанды, ол жерде қандай тарихи оқиғалар мен тұлғалар болды, негізгі өмір тіршілігі мен әлеуметтік-саяси жағдайы – барлығы көрініс табады. Сондықтан да топонимдік аңыздар тек фольклортану ғылымы үшін ғана емес, тарих, әдебиеттану, тіл білімі, мәдениеттану ғылымдары үшін де өзекті тақырыптың бірі. Осы ретте қазақтар көп қоныстанған Ресейдің Орынбор, Астрахань, Саратов, Омбы облыстары мен Алтай өлкесіндегі, Қытайдың Шыңжаң, Іле, Құлжа, Алтай аймақтары мен Монғолияның Баян-Өлгі, Қобда, Дарқан аймақтарындағы қазақ топонимикалық аңыздарын жинаудың, оларға тарихи-генетикалық, тарихи-типологиялық тұрғыдан талдау жасап, поэтикалық ерекшеліктерін зерделеудің маңызы ерекше. Осы мақалада біз Омбы облысындағы қазақ топонимикалық аңыздары туралы сөз етеміз.

Алғыс: Мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің АР19678046 «Шетелдердегі (Ресей, Қытай, Монғолия) қазақ топонимикалық аңыздары: типологиясы, генетикасы және поэтикалық ерекшелігі» гранттық жобасы аясында дайындалды.

Кілт сөздер: фольклор, топонимикалық атаулар, топонимикалық аңыздар, сюжеттік желі, типология, генетика

Ғ.А.Тұяқбаев¹, С.О.Құлбарақ², А.С.Закирова³

^{1,3} Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan

² Taraz Regional University named after M.Kh.Dulaty, Taraz, Kazakhstan

E-mail: ¹turmagambet@mail.ru, ²samen-56@mail.ru, ³vip.aselek@list.ru

ORCID: ¹0000-0002-5000-2122, ²0000-0001-6092-5388, ³0000-0003-0246-6843

Historical-legendary nature of Omby place-water names

Abstract. The article deals with toponymic legends in the Omby region of the Russian Federation. Toponymic names are one of the sources of information about the history of any nation. Toponymic legends

should not be overlooked when it comes to place names. After all, the earth, nature is the abode of the human race. Therefore, it is a natural phenomenon for the human race to recognize the world through images and representations, be saturated with its secrets, and bring to life various related legends. One of the folklore genres that emerged in this way is toponymic legends that tell the history and features of place names. According to the results of the current study, more than 5 million Kazakhs live in almost forty countries around the world. Political and social sciences depending on the parameters of resettlement, moving to another place, etc. Kazakhs abroad are classified as "diaspora", "emigrants" and "irridents". From the point of view of this political status, our compatriots in Russia, China, Mongolia, and Uzbekistan are irridents. That is Kazakhs living in their ancestral homeland. Therefore, in these regions, Kazakh place names and associated legends and etiological stories have been preserved. Toponymic legends show where and when our ancestors settled, what historical events and personalities were there, the basic living conditions and socio-political conditions - all this is reflected. Therefore, toponymic legends are one of relevant topics not only for folklore studies, but also for history, literary studies, linguistics, and cultural studies. At the same time, it is important to collect Kazakh toponymic legends from Orynbor, Astrakhan, Saratov, Omby regions and Altai regions of Russia, Xinjiang, Ile, Kulja, Altai regions of China and Bayan-Olgi, Kobda, Darkan regions of Mongolia, their historical-genetic, historical-typological analysis, and study of poetic features. We will talk about Kazakh toponymic legends of the Omby region in this article.

Acknowledgments: The article was prepared within the framework of the grant project of the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan AP19678046 "Kazakh toponymic legends abroad (Russia, China, Mongolia): typology, genetics and poetic features".

Keywords: folklore, toponymic names, toponymic legends, storyline, typology, genetics

Г.А.Туякбаев¹, С.О.Кулбарак², А.С.Закирова³

^{1,3} Кызылординский университет имени Коркыт Ата, Кызылорда, Казахстан

² Таразский региональный университет имени М.Х. Дулати, Тараз, Казахстан

E-mail: ¹turmagambet@mail.ru, ²samen-56@mail.ru, ³vip.aselek@list.ru

ORCID: ¹0000-0002-5000-2122, ²0000-0001-6092-5388, ³0000-0003-0246-6843

Историко-мифологический характер топонимов Омской области

Аннотация. В статье рассматриваются топонимические легенды, распространенные в Омской области Российской Федерации. Топонимические наименования являются одним из источников, которые сообщают нам об истории той или иной нации. При изучении топонимов той или иной местности необходимо иметь в виду, какие легенды с ними связаны, так как природа, земля – это место обитания людей. Следовательно, закономерно то, что человек, погружаясь в тайны природы, познавая мир через воображаемые образы и олицетворяя их, создает различные легенды и предания. Одним из фольклорных жанров, возникших таким образом, являются топонимические легенды, рассказывающие об истории возникновения и особенностях географических наименований. Согласно результатам современных исследований, сегодня в почти сорока странах мира проживают более 5 миллионов казахов. В зависимости от параметров переселения, расселения и др. политико-общественные науки относят проживающих за рубежом казахов к «диаспоре», «эмигрантам» и «ирридендам». Согласно данной дифференциации, казахи, проживающие в России, Китае, Монголии, Узбекистане, относятся к ирридендам, так как они проживают на земле своих предков. Поэтому в этих регионах сохранились казахские топонимы и связанные с ними легенды и этиологические истории. Топонимические легенды отражают все: где и когда селились наши предки, какие исторические события происходили и с чьими именами они связаны, какими были социально-политические условия. Отсюда следует, что топонимические легенды являются одной из актуальных тем не только для фольклористики, но и для истории, литературоведения, языкознания, культурологии. В связи с этим мы считаем, что историко-генетический, историко-типологический анализ и изучение поэтических особенностей казахских топонимических легенд Оренбургской, Астраханской, Саратовской, Омской областей, Алтайского края, Синьцзянского, Илийского, Кульджинского регионов Китая, Баян-Ольгинского, Кобдинского,

Дарканского регионов Монголии, т.е. регионов, где проживает большое количество казахов, имеет особое значение. В данной статье нами рассматриваются казахские топонимические легенды Омской области.

Благодарность: Статья подготовлена в рамках грантового проекта AP19678046 «Казахские топонимические легенды за рубежом (Россия, Китай, Монголия): типология, генетика и поэтические особенности» Комитета науки Министерство науки и высшего образования Республики Казахстан.

Ключевые слова: фольклор, топонимические названия, топонимические легенды, сюжетная линия, типология, генетика

1. Кіріспе

Жер-су атаулары – тарихтың көзі. Ежелгі заманнан бері түркі халықтары табиғатпен етене араласып, оның құпияларын игерді. Табиғаттың сан түрлі сырына байланысты жер-су атауларын қойып, аңыздар қалдырды. Мұндай аңыздар адамдардың өмірлік тәжірибесін, олардың қоғамға, қоршаған ортаға, табиғатқа және оның байлығына деген көзқарасын көрсетеді. Топонимикалық аңыздардың мұндай тарихи-танымдық қызметін зерттеу қазіргі фольклортану мен лингвистиканың өзекті мәселелерінің бірі (Тұяқбаев, Тайман, Ботабаева, 2023: 145).

Кең байтақ қазақ даласындағы жер-су, тау-тас, жыра-сай, мөлдір бұлақ атауларына зер салсаң, данышпандық танымның куәсі боласың. Жер-су атаулары халық тарихының тереңінен сыр шертеді. Жердің реңін, байлығын алға тартады. Бағзы замандағы тұрмыс-тіршілікті, наным-сенімді білдіреді. Ұлы Даланың әр түкпіріндегі атаулар оқылған немесе әлі толық оқылмаған, сырын ашпаған алып кітабы іспетті. Ең бастысы, тарихи атаулар ұлттық дүниетаныммен астасып жатады (Құлбарак, Ботабаева, Куламанова, 2023: 102).

Омбы облысындағы жер-су атауларына зер салып қарағанда-ақ, көп жағдай аңғарылады. Орысша аталып, транскрипциясы бұрмаланғанмен, үңіле қараған көзіқарақты адамға олардың түп төркінің қайдан шыққаны танылып тұр. Омбы (Омск), Теңіз (Тенис), Есілкөл (Исилькуль), Абат, Өлеңкөл (Уленкульское), Шабакты (Чебаклы), Алабота, Бақабас (Бакабас), Қасқат (Каскат), Қойбағар (Койбогар), Омар, Өлеңдікөл (Улендыкуль), Қаракөл (Каракуль) сияқты жер-су аттары осының көрінісі. Мәселен, омбы деген сөзге ешқандай түсініктеме беріп жатуды қажеттілігі жоқ. Омбы, біріншіден, қар ұғымымен байланысты, екіншіден, қар қалың түсетін аймақ. Омбы қар деген тіркес тілімізде қазіргі дейін айтылады.

Омбы топонимикасының аңыздық негіздері арнайы қарастырылмаған. Жинақталған топонимикалық материалдарда көбіне бұл жерді мекен еткен атақты бай, немесе ру басы кім еді, қай жылдары мекен еткен, оның бүгінгі таралған ұрпақтары кімдер еді деген шежірелік сипатта болып келеді. Мұнда жер-су атауларының тарихи негізі, кезеңі адам аттарымен байланысты сипатталған. Ендігі бір топонимикалық атаулардың халықтық аңыздары берілген. Аңыздың арғы түбінде шындық жататыны сөзсіз. Омбы жер-су атауларының бір бөлігі әлбетте сол өңірдің көрінісіне, табиғат ерекшелігіне, жер бедеріне байланысты аталған.

Жер-суға атау беру үшін халықтың сол өңірде көп уақыт бойы тұрақты қоныс тебуі шарт. Сонда ғана табиғаттың, ортаның көрінісін, ерекшелігін бойына сіңірген халық жер-судың тиесілі атауын береді. Ондай есім қолданысқа еніп, тарихи не

табиғи сипаты нақтыланады. Жер-судың реңінен, ерекшелігінен хабар береді. Мәселен, Омбы облысындағы *Большая Тебендя* елді мекен атауы бірден жылқы малына қатысты *Тебінді* сөзін еске түсіреді. Жылқы баққан қазақ халқына қыста малдың қиналмай тебіндеп шығатын жер қымбат. *Тебендя* деп аталатын орыс тілінде мағыналы сөз жоқ, сондықтан *Тебінді* атауының өзгеріске ұшыраған, бұрмаланған түрі деп қабылдауға болады.

Тұтастай алғанда, Омбы облысы – қазақ халқы көп орныққан өлке. «Жалпы, аймақта 100 мыңға тарта қазақ бар. Оның жартысы қаланың өзінде тұрады. Омбы облысында қазір 40 қазақ ауылы қалды. Азайып қалған түріміз. XX ғасырдың басында біздің аймақта 600-ге тарта қазақ ауылы болған», - дейді Омбы аймақтық қазақ ұлттық мәдени автономиясы президентінің орынбасары Қуаныш Елеутаев Қазақпаратқа берген сұхбатында (Омбы қазақтары, 2019).

2. Материалдар мен әдістер

Омбы тарихы, топонимикасы тарихшылар, өлкетанушылар, сол өңірден шыққан азаматтар тарапынан зерттеліп айтылып жүр. Тарих ғылымдарының докторы, профессор З.Е. Кабульдиновтың «Казахи Тобольской и Томской губерний во второй половине XVIII-XX вв.», «Казахи внутренних губерний России во второй половине XVIII – начале XX веков (историко-демографический аспект)», «Казахи России в XVIII – начале XX» монографиялары Батыс Сібір қазақтарының тарихи мәселелерін ғылыми негізді қарастырған сүбелі зерттеулер болды (Кабульдинов, 2009). Ресей Ғылым академиясы Сібір филиалы, Археология және этнография институтының аға ғылыми қызметкері Шолпан Камалидиновна Ахметованың XVIII-XIX ғасырлардағы Омбы қазақтарының қалыптасу тарихы, Батыс Сібір қазақтарының жерлеу рәсімдері, Омбы Ертіс бойы мұсылман зираттарындағы мазарлар, Омбы Ертіс өңірі қазақтарының дәстүрлі мәдениетіндегі сакральды кешендер, Батыс Сібір қазақтарының дүниетанымы, тағы басқа зерттеулері өңір тарихы мен ондағы қазақ халқының қоныстануын тануда маңызды орын алады (Ахметова, 2007). А. Күзембайұлының «Алтын Орданың Батыс Сібір ұлысы: этно-саяси тарихы» зерттеу еңбегі мен оның құрастыруымен шыққан «Ашамайлы-Керей Танаш баба шежіресі» кітабында Батыс Сібірді қоныстанған қазақтарға және жер-су атауларына қатысты бірсыпыра материалдар жинақталып берілген (Ашамайлы-Керей Танаш баба шежіресі, 2011). Қ. Биғожиннің Керей елі тарихына үлес қосқан тұлғалар туралы жазған шежірелік мақалалары (Ашамайлы-Керей Танаш баба шежіресі, 2011: 138-153) т.б. деректі құнды мәліметтер береді. Сондай-ақ XIX ғасырда қазақ даласында болған А. Левшиннің (Левшин, 2009), И.Г. Андреевтің (Андреев, 1998), т.б. жазбалары, мақалалары қарастырылды.

2.1 Зерттеу әдістері

Зерттеу барысында фольклортанудағы тарихи-типологиялық, тарихи-генетикалық әдістер қолданылды.

2.2 Материалдарға сипаттама

XVII ғасырдың соңғы ширегі мен XVIII ғасырдың бірінші жартысында өмір кешкен суырып салма ақын, әнші, жан-жақты өнер иесі Дәстем сал Қарабасұлының «Дәстемнама» тарихи дастаны назарға алынды. Онда қазақ даласымен шектесіп,

араласып жатқан Батыс Сібір өлкесіндегі тарихи оқиға – қандыбалақ қарақшы Жармақтың Сейдек батырдың қолынан ажал табуы суреттеледі. Дастандағы жер-су атауларына мән берілді.

Бекінген жерін Жармақтың,
Көшім мен Сейдек барлаған.
Аңдыған ерге тап болды,
Бес жүз құзғын сандалған.
Жармаққа пана болмады,
Ертістің Бағай саласы.
Қоршауға алды ер жауын,
Мұсылманның баласы.
Таң алаң-елең атқанда,
Шырт ұйқыда жатқанда,
Бағай өзен бойында
Түсірді жауды қақпанға (Дәстем сал Қарабасұлы, 2011: 151).

Ертіс өзені Бағай саласының сонау XVIII ғасырда шығарылған жырда қазақша аталуы өңірді мекен еткен елдің сол аймақты біраз уақыттан бері қоныстанып келе жатқанының белгісі болса керек. Өйткені жер-су атауының халық құлағына сіңісті болуы үшін біраз уақыт қажет. Дастаннан тарихи кезең шындығы көрініс береді. Ертістің Бағай сағасы – қарақшы Жармақ қолының қоршауға алынған жері. Жармақ сол сәтте қашып құтылғанмен, Сейдектің сарбаздары қалың жынысты орманның ішінен тауып, итке талатып өлтіреді.

1928 жылғы Сібір өлкелік атқару комитетінің статистикалық бөлімінің есебінде Сібір өлкесіндегі елді мекендер тізбесі беріледі. Сонда көрініс беретін бір жай – таза қазақ халқы өкілдерінен тұратын ауылдар тізбесі көрсетілген. Барлық материалдарды қамту мүмкіндігі болмағандықтан, Омскі округі Борисов ауданындағы үш ауылдық кеңеске назар аудардық.

1. Терек ауылдық кеңесіндегі таза қазақ халқы орналасқан ауылдар және олардың орналасқан уақыттары: Аксары (1831 ж.), Әлеке (Әлеке Құдайберген) (1866 ж.), Байқасқа (1885 ж.), Бурыл (1825 ж.), Дүйсенбай (1866 ж.), Жандай (1856 ж.), Қутачек (1876 ж.), Көлбай (1885 ж.), Құрманбай (1871 ж.), Сарман (1850 ж.), Тарғылбұқа (1900 ж.);

2. Балта ауылдық кеңесіндегі таза қазақтардан тұратын ауылдар және олардың орналасу кезеңдері: Бекжон (1781 ж.), Битте (1781 ж.), Желд (1781 ж.), Қарағаш (1865 ж.), Қожа (1800 ж.), Қыпшақ (1871 ж.), Молдахан, Мәшін (1826 ж.), Мұстафа, Сандыбай (1781 ж.), Семенке (1795 ж.), Тілеуік (1843 ж.), Топал (1761 ж.), Шахман (1781 ж.), Шоқат; Аймақта Балта, Бекжан, Битте, Өзенкөл көлдері бар.

3. Қойшыбай (1861) ауылдық кеңесіндегі таза қазақтардан тұратын ауылдар және орналасқан уақыттары: Бисенбек (1845 ж.), Ысқақ (1866 ж.), Жартыбай (1864 ж.), Жұмабай (1876 ж.), Жүсіп (1876 ж.), Қайыпберген (1861 ж.), Қапкелді (1860 ж.), Көкат (1855 ж.), Үлкен Қоратоға (1855 ж.), Кіші Қоратоға (1855 ж.), Мұрауболат

(1914 ж.), Омар (1866 ж.), Өтеген (1865 ж.), Саржан (1919 ж.), Сәрсембай (1856 ж.), Сатыпалды (1847 ж.), Шоқпыт (1858 ж.) (Сибирский Краевой Исполнительный Комитет статический отдел, 1928: 97-103).

Тізбеде ауылдағы ер және әйел адам сандары, шаруашылық бірліктері, орналасуы, қашықтығы көрсетілген. Тізбені жақсылап саралап шықсақ, қазақ ауылдарын, жер-су аттарын түгендеуге болады. Екіншіден, ауылдардың орналасу кезеңдеріне көңіл аударарлық. Негізінен XVIII-XIX ғасырлар, яғни кем дегенде 200-100 жыл бұрын қоныс тепкен. Мұның өзі олардың сол жерде орта есеппен 7-8-ші ұрпақтары өмір сүріп жатқанын аңғартады.

Міне, осылайша ғасырлар бойы орнығып, шаруашылықтарын жүргізген халықтың жер-суға өз атауларын беруі заңды құбылыс. Өкінішке орай, ресейлік зерттеушілер, жергілікті өлкетанушылар алыс тарихқа бармай, үстіріт жеңіл жолмен, болмаса мағынасы бұлдыр жалпылама атаумен атай салатыны байқалады.

Қалай дегенде, Омбы өлкесіндегі қазақша жер-су атаулары Орта жүз, Кіші жүз қазақтарының ол жерде ғасырлар бойы мекендегенін, түрді тарихи жағдайларды бастан кешіріп, көп бөлігінің еріксіз ығыстырылғанын, қайбірінің жұртта қалып, қазіргі уақытқа дейін атажұртта өмір сүріп келе жатқанын айғақтайды.

3. Талқылау

Сібір қазақтарының тарихын зерттеуші-өлкетанушы, Қазақстан журналистері Одағының мүшесі Шалқарбек Кәрібаев Батыс Сібір жұртындағы топонимикалық атаулардың қызықты тарихи-шежірелік мәліметтерін келтіреді. Ш. Кәрібаев топонимикалық аңыздарының бір ерекшелігі жер-су атаулары ел тарихымен, халықтың басынан өткен оқиғалармен байланыстырылып айтылады.

«Ебейті көлінің» аталу тарихы былай сипатталған. Шежірекөңіл қария Зейнолла Оспанұлынан 1984 жылы жазылып алынған әңгіме бойынша көлдің бұрынғы атауы «Тұздысор» болған. Тәуке ханның уақытында құба қалмақтар Ертіс өзенінен өтіп, Астархан қалмақтарымен байланыс орната бастаған. Ебейті – қалмақтың батыры екен. Ол екі жақтағы қалмақтарды байланыстырушы бір жағы елші, бір жағы қолбасшы батыр болған. Осы кезде батырлығымен аты шыға бастаған, жиырмадан енді асқан Бәйімбет батыр Ебейтімен кездесіп, жекпе-жекке шығып, атан өгіздің терісінен иленіп, қорғасынмен күптеліп өрілген он екі таспа қамшысымен қалмақ батырының жауырын тұсынан ауыр соққымен тіліп жіберген екен. Ебейті көл жағасында қырық күн жатып, қайтыс болады. Көл содан кейін Ебейті атымен аталып кетіпті. Ш. Кәрібаев Зейнолла қарттың дерегіне сүйеніп, оқиға шамасы 1730-1732 жылдары болған тәрізді деп ой қорытады (Кәрібаев).

«Эбейты – самое большое солёное озеро Омской области, расположено на юго-западе региона на стыке границ трёх районов – Москаленского, Полтавского и Исилькульского. Обладает огромными запасами лечебных грязей. Длина озера, по данным разных исследователей, составляет от 12 до 13,9 километров, ширина – от 7 до 11,7 километров, окружность – 34 километра. Площадь озера непостоянна и в настоящее время по различным оценкам составляет от 90 до 113 км². Глубина озера колеблется в разные годы от 0,6 до 3 метров» деп анықтама беріледі (Эбейты). Көл суының ащылығын білдіретін бастапқы атауы *Тұздысор* да шындыққа сәйкес келеді.

Ақиқатында, бұл көлдің атауын, біздіңше, қазақ халқы алыста жатып ойдан айта салмаған. Аңыздың тарихи негізі барлығы сендіреді. Қазақтың кең даласында ұрысқа түскен қалмақ батырының есімімен байланысты жер-су атаулары көп кездеседі.

«*Бәйімбет бұлағы*» атауында тарихи тұлғаға түсінік беріледі. Керейдің Шеруші атасынан тарайтын Байтайлақ батырдың әкесі Құттымбетпен бірге туысатын Бәйімбеттің Тәуке заманында өмір сүргені, бейітінің Үлкен Қара Ойдың оңтүстік шығысында жатқаны айтылады.

XVIII-XIX ғасырларда байырғы атауы *Тереңсу* деп аталған көлдің халық аузында *Тулақ* көл аталуы туралы Ш. Кәрібаев мынандай аңыз әңгімені келтіреді. Өлкетанушының сипаттауында бұл көл Ұялы селолық округіндегі суы терең шұңқыма көл. Ертеректе *Бастерек*, *Тулақ көлдері* сол уақыттың атақты байлары Бөртебайдың Шәмелі мен Тоғжанның Садуақасының жаз жайлауы болған. Ескікөз қариялардың айтуынша, көлдің Тулақ атануы сол өңірде XIX ғасырдың 80-жылдары өткен оқиғаға байланысты болыпты. Шамамен 1880 жылдар аралығында Дуадақ-Төбет елінің байы, әрі Теке елінің болысы әкелі-балалы Бөртебайдың Тәшімі мен Шәмелі шілде айында ұланасыр той жасап, ат бәйгесін өткізіпті. Ат жарысқа Қызылжар-Омбы аймағы қазақтарынан 50-60 қаралы ат қосылыпты. Ат жарысы 40 шақырымға созылыпты. *Шаңдақтан* басталып, *Екіқұлын* ауылының тұсына дейін барған. Күн ыстық, шілде айы. Аптапқа шыдай алмаған аттардың көбі *Ұялының* жанындағы *Айбала* шоғының маңына келгенде, зорығып өлген. Кейін бұл жер *Атқырылған* атанған. XIX ғасырдың соңында орыс переселендері көшіп келіп қоныстанып, Гришковка деревнясының қазығын қақты. Сол кездері өлген 25-30 аттың терісі Тереңсу көлінің айналасына жайылып кептіріледі. Кепкен тері күннің ыстығынан бүрісіп, жарамсыз тулаққа айналады. Содан Тереңсу көлінің екінші аты Тулақ аталады.

Аңыз-әңгімедегі жер-су атауларынан Қызылжар-Омбы қазақтарының бұл аймақты заманында еркін жайлағаны, кейін Ішкі Ресейден переселендердің келуімен ығыстырылғаны байқалады. Жер-су атауларының өзі көңіл аударарлық: *Тереңсу*, *Тулақ*, *Бастерек*, *Шаңдақ*, *Айбала шоғы*, *Атқырылған*. *Тулақ*, *Атқырылған* атауларының негізіне ел ішінде болған оқиғаға қатысты аталынса, *Тереңсу*, *Шаңдақ* судың, даланың сипатына байланысты берілген. Тереңсу көлдің тереңдігін білдіреді. Шаңдақ даланың шөбі аз болғандықтан, жел тұрса, шаңдатып жататынын аңғартады. Жалпы, көшпелі тірлікпен айналысқан қазақ халқы табиғатпен етене жақын болғандықтан, ат қоюының өзі терең мазмұнға ие болған.

Енді жоғарыдағы аңыз-әңгімеде келтірілген Ұялы, *Айбала шоғы* атауларына тоқталып өтелік. Бұл жөнінде де өлкетанушы Ш. Кәрібаев ел аузындағы әңгімені былай таратады. Ұялы алғашқыда қалың жынысты тоғай болған. Бұл жерді бірінші қоныстанған Өтеп әулеті екен. Одан Кенжебай, Жаманқұл дүниеге келеді. Жаманқұлдан Тілеген, Тілебай, Бұқпантай, Әлі, Мұса – бес ұл өрбіген. Тілебайдан ұрпақ болмаған. Аңыз айтуынша, Малай-керейдің ұрпақтарын орыс переселендері *Жолдыөзектен* ығыстырғаннан кейін олар *Тұзкөмген*, *Шұңқыркөл* маңына аялдайды да, сол өңірдегі қалың жынысты ну орманның алаңқайына тоқтайды. Сол жердегі биік өскен ағаштың ұшар басына бүркіт ұя салған екен. Тілебай сол ағашты кескенде, қызы Айбала өкініш білдіріпті. Бекер кескен екен ағашты, бүркіт киелі

құс, киесі соғатын болды дейді. Айтқанындай-ақ, көп өтпей, бір жұманың ішінде Тілейбайдың өзі, іркес-тіркес төрт ұлы қайтыс болады. Жаманқұлдың Тілебейінен ұрпақ қалмады деудің себебі осында еді. Сол жердегі қалың өскен шоқ ағашты халы қыздың құрметіне *Айбала шоғы* атап кеткен. Бүркіттің ұясы болған тоғай *Ұялы* атанған. *Ұялының* бұрынғы атау *Борсықбай* болған. Себебі ертеректе бұл маңда түз тағысы борсықтар ін қазып, күшіктерін өрбіткен қорымы өте көп болыпты.

4. Нәтижелер

Тұзкөмген тоғай атауының тарихы былай таратылады. *Ұялыдан* екі-үш шақырымдағы жерде бұрындары бау-бақша, алма ағаштары мен қарақат, құлпынай секілді жеміс-жидек бұталары өсірілген. Омбыдан Қараөткелге кіре тартқан саудагердің бірде күзгі жаңбыр уақытында аты мертiгіп, амалсыздан бес қап тұзын жерге көміп кетуге мәжбүр болыпты. Кейін уақыт өте қайта келгенде, жаңбыр суымен тұздың бір бөлігі еріп, жерге сіңіп кетіпті. Содан бұл мекен ел аузында *Тұзкөмген* атанып кеткен.

Төрегелді немесе Төркөлі, Өгізөлген, Жарқын, Шұңқыркөл, Тастыбай, Қарашілік, Талшық, Үлгілі, Тұғыржап және Мұқыр, Найзатомар, Дәуіт, Ащыкөл, Айсары, Құлыкөл, Саға, Құртсай жер-су аттарына қатысты ел әңгімелері мен тарихи деректерді Ш. Кәрібаев жазбасында келтіреді. Сондай-ақ жоғарыдағы шежірелі әңгімеде басқа да жер-су аттары аталады. *Бастерек тоғайы, Бастерек жайлауы немесе Бастерек көлі, Тоқырауын өңірі, Есілкөл, Сарыкөл, Жарқынағаш, Бозтөбе, Сұлу шілік, Қызылағаш, Қараағаш, Қисықағаш, Жалғызғағаш, Үлкен қара Ой, Кіші Қара Ой көлдері, Қарашілік, Қызылшілік, Талшілік, Бағай өзені, Байыш ормандары, Шат өзені, Құрымбел даласы, Олжай көлі, Құланды даласы, Арал – мұндай жер-су аттары көбіне бір-біріне жақын аймақ, өңірлер екені байқалады. Қаншалықты бай топонимикалық атаулар деп таң қалғандайсың. Шындығында бұл шежірекөңіл Зейнолла Оспанұлы, Қапар Сүлейменұлы Айтуғанов, Молдаш Мұжыбаев, тағы басқа қариялардан жиып-теріп алған журналист, өлкетанушы Шалқарбек Кәрібаевтың ұзақ жылдар ізденісінің жемісі екені сөзсіз. Топонимикалық атауларды жасалу жолына, заттық-сапалық қатысына қарай топ-топқа бөліп талдауға болады. Бірақ оған баса назар аударудың қажеттілігі жоқ деп білеміз. Өйткені, келтіріліп отырылған жер-су атауларының барлығының дерлік мағынасы айқын. Ешқандай көмескі мән-мағына бермейді. Омбы топонимикасының бір ерекшелігі ағашқа, суға қатысты атаулардың барынша молдығы байқалады. Оның себебі төңірек қалың ағаш, орман-тоғайлы болса, сонымен қатар жердің ыңғайына орай өзен-көлдердің көптігімен байланысты. Өкініштісі бір-біріне жақын орналасқан өзге аймақтардағы жер-су атауларына байланысты тарихи мәліметтер мен аңыздарды көп кездестіре алмаймыз. Қызықты, құнды тарихи деректер мен аңыздар бір кездері айтылғанмен, уақытылығ жинақталып, қағаз бетіне түспегендіктен, бүгінде ұмыт қалған. Ш. Кәрібаев тәрізді өлкетанушы, журналисттің ыждаһатты жұмысының және туған жерге, елге деген патриоттық сезімінің арқасында жинақталып, тарихтың белгісі болып бізге жеткен. Жергілікті өзге ұлт өлкетанушылары мұндай дерек, мәліметтерге көңіл аудармаған және бұл бағытта ешқандай жұмыс жүргізбеген. Омбы облысының физикалық географиялық картасына халық аузында сақталынған байырғы жер-су атауларының бірлі-жарым ірілері болмаса енгізілмеген.*

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры З.Е. Кабульдиновтың «Казахи Омской области: история заселения» мақаласында XVIII ғасырдың басында керей-қазақтардың Ертіс және Омбы бойынан айырылғаннан кейін, шайқастар жүргізе отырып, Батысқа Есілкөлге қарай шегінуге мәжбүр болғанын айтып, *Қасқа-ат*, *Торы-ат* жер атауының тарихын халық жырымен байланыстыра ашады.

Керейден Омбы өзенін тартып алды,
Ертіске орнап қалмақ жатып алды.
Көк шалғын қазақ жерін қанға бояп,
Жауыздар сахарамда асыр салды.

Бес ғасыр ата-бабам қоныстаған,
Орманда іші алаңға қыстау салған.
Ертіске Омбы өзені құяр жерін,
Айнала тоғайын қалмақ алған...

Амалсыз Ертіс бойын тастап шықтық,
Дұшпанның бой бермесін әбден ұқтық.
Ор қазып *Есілкөлде* жолын бөгеп,
Соғысып қолма қолда қалмақты ұттық.

Етпеуге жан шығын көңіл бөлдім,
Тастауға Омбы өзенін ақыр көндім.
Оқ тиіп *Есілкөлде* қос тұлпарға
Қасқа-ат пен *Торы-ат* басын жерге көмдім.

Дұшпанға кетсе-дағы жұрттың кегі,
Тоқтады жау *Есілкөлден* өтпей бері.
Бұл майдан екі жаққа да ауыр соғып,
Ат пен көп төгілді ердің тері...

Ел аузында сақталған тарихи жыр өлең жолдарынан жер атауларының берілу тарихы, кезеңі анықталады. Қазақ пен қалмақ арасындағы соғыс, бірде жеңіліс пен бірде жеңіс – жер-ел үшін шайқас көрінісі, өкініш тарихи жырда суреттеледі. Жоңғар қалмақтары мен қазақтар арасындағы ұрыстан белгі болып бүгінге жеткен Қасқат пен Торат жер атаулары бүгінде Омбы облысы Есілкөл ауданында орналасқан (Кабульдинов, 2007: 70-71).

Ш.К. Ахметова және И.В. Толлеконың «Казахские кладбища Осмкого Прииртышья как объекты культурно-исторического наследия» атты мақаласында Баян қорымының тарихы баяндалған. Ғалымның пікірінше, Омбы облысы Азов ауданы Сегізбай ауылы маңындағы қорым ескі бейітке жатады. Диаметрi 5-9 метр, биіктігі 0,5-1,5 болатын қорған төбешіктер жанында XVII ғасырдың соңы мен XVIII ғасырдың басына

тиесілі мұсылмандық жерлеу орындары сақталынған. Қорым Баян деп аталатын көлдің жанында. Қорымның да, көлдің де Баян аталуы ең алғашқылардың бірі болып жерленген Баян атты қыздың есімімен байланысты қойылған. Бұл жерлеу шамамен, ғалымның болжауында, XV-XVI ғасырларда болған. Тегі анықталмаған. Ескі бейіт бүгінде қазақ даласынан Омбыға келетін күре жолдың бойында болғандықтан, мұнда жол-жөнекей қайтыс болғандар да жерленіп отырған. Қазірде бұл орынды Сегізбай ауылының тұрғындары пайдаланып келеді. Төбешік қорғандардың уақыты мен кімдердің мәдениетіне жататыны белгісіз (Ахметова, Толлеко, 2007: 32).

Белгілі тарихшы ғалым, Омбы тарихын зерделеп зерттеуші А. Күзембайұлының құрастыруымен шыққан «Ашамайлы-Керей Танаш баба шежіресі» кітабында Омбы жеріндегі жер-су атауларына қатысты тарихи мәліметтер мен ел әңгімелері берілген (Ашамайлы-Керей Танаш баба шежіресі, 2011).

Кітапта шежіреші Қаратай Биғожиннің баспасөз бетінде шыққан материалдары жинақталып берілген. Соның бірі – Алтын Орда хандығының мемлекет қайраткерлерінің бірі, Тобыл өзені бойын мекендеген Бағылан биге қатысты. Сол өңірде *Бағылан тоғайы*, *Бағылан талы*, *Бағылан қара суы*, *Бағылан көлі*, *Бағылан томары*, *Бағылан қыстауы*, *Бағылан шоғы*, *Бағылан өзегі* жер-су атаулары болған. Баһадүрдің өзі қартайып, өз атымен аталатын ауылында ауырып дүниеден озған. Сүйегі Тобыл өзенінің жарқабағына қойылған.

Бағылан бидің Бопай атты жұбайынан Архат, Фархат, Сарымұрат атты ұлдар өмірге келген. Фархат батырдың Гүландам атты әйелінен Танаш, Аббас, Манас туған делінеді. Танаш ұрпақтары бүгінде үлкен елге айналып отыр. Қостанай облысының Меңдіқара, Ұзынкөл аудандарын, Солтүстік Қазақстан және Қазақстанның өзге де аймақтарын мекендейтін Ашамайлы Керейлер осы Танаштың ұрпақтары дейді шежіреші. Танаш Алтын Орда хандығының белгілі тұлғаларының бірі, әділқазы биі атанған. Танаштың Балға, Балта, Едіге атты балалары өз заманында батыр, би, әскер басы болған. Бағылан бидің бейіті орныққан мекенге 1734 жылы жазда Звериноголовскі атты сауда жайы салынған. Кейін ол казак-орыс тұрағына айналған. Бұл мекен қазіргі Ресей Федерациясына қарайтын Қорған облысының Притобол ауданының орталығы.

1723 жылы жазда жоңғар қолы Бағылан бидің қонысын тартып алып, 1734 жылы жазда Ресейге қару-жаракқа айырбастап жіберген. Жұртынан айырылған қазақ қосындары арадатеқ он жыл салып оралады. Дәстем сал Қарабасұлы басқарған қол Зверинканы қоршауға алады. Қамал коменданты мен шіркеудің дінбасы көпестері ұйымдасып, қазақ қосынының алдынан өз дәстүрі бойынша нан мен тұз алып шығып: «Зверинноголовка бүгіннен бастап бекініс те, казак-орыс станциясы да емес, қазақ пен орыс сауда жасайтын базар, жәрмеңке орталығы болсын! Соған келісім-шарт жасайық, дос болайық. Жер-су сіздердікі екенін мойындаймыз!» депті. Тілекке келіскен қазақ рубасылары сарбаздарын кері қайырыпты. Келісім-шартқа екі жақ қол қойған. Дәстем салдың талабы бойынша базар қазақ пен орыс кентінің аралығында болатын боп көрсетіледі. Зверинноголовкадағы тәртіп мәселесі Көшебе керей Амандос Ерменұлы бастаған мұсылман жасағына тапсырылған. Осының бәрі шартта көрсетілген дейді шежіреші Қ. Биғожин (Биғожин, 2007: 138-139).

Омбы жер-су атауының тарихы жалпы қалмақ-қазақ, орыс-қазақ арасындағы соғыс, ұрыс оқиғаларынан белгі береді. Ежелден қоныс тепкен қазақ рулары жер үшін талай рет жан алып-жан беріскен шайқастарға шыққан.

И.А.Турсуновтың «Очерки истории казахов Омского Прииртышья» кітабындағы «Топонимика казахских названий населенных пунктов» мақаласында аймақтағы қазақ жер-су, мекен-жай аттарын топқа бөліп қарастырады. Қазақ жер-су, мекен-жай атауларының көбісі ХХ ғасырдың 50-60-жылдары колхоз, совхоздарды ірілендіруге байланысты Омбы картасынан жойылып кеткенін жазады. Автор сонымен қатар әр ауылдың орналасу уақытын көрсетеді.

Өсімдік, ағаш атауымен байланысты жер-су, мекен-жай аттары: *Алабота* ауылы (1929 ж.), *Жуанишілік ауылы* (ХІХ ғасырдың басы). 1954 жылы орын тепкен *Бас ағаш* ауылымен қатар *Орта ағаш*, *Аяқ ағаш* ауылдары болған. *Қаратерек* ауылы 1830 жылы орныққан. Қара сөзі халық ұғымында киелі саналған. *Қараағаш* және *Сұлу терек* ауылы 1865 жылы, *Қызыл ағаш* ауылы 1796 жылы орын тепсе, Шарбақкөл ауданына қарасты *Шілік құдық* ауылы 1875 жылы орналасқан.

Ғалым *Қызыл ағаш* ауылының аталуына қатысты ел әңгімесін келтіреді. Ауылдың негізін салушылар орман маңына қоныстанғанда, күн батуға айналып, төңіректің бәрі қызғылт түске боялып, ағаштар да қызғылт тартып көрінген екен.

Жан-жануарлардың аттарымен байланысты жер-су, мекен-жай атаулары: *Сарат* ауылы 1910 жылы орныққан. *Кегентай* ауылының орналасу жылы анықталмаған. *Қойбағар* ауылы ХІХ ғасырда болған. Тырналы ауылы 1912 жылы құрылған. Ғалымның айтуынша, *Бақабас* ауылы атауының екі нұсқасы бар. Біріншісі – ауылдың маңындағы көл түрі жағынан бақаның басына ұқсайды. Екіншісі – бұл жерде бақа көп болған. ХІХ ғасырда пайда болған *Қасқат* ауылында негізінен қожалар тұрған. 1913 жылы орныққан *Қояншықпас* ауылы орман ағаштарының тығыздығын, тіпті арасынан қоян өте алмайтынын білдіреді.

Оронимдер: *Бозаң* ауылының негізі ХVІІІ ғасырда құрылған. *Қараман* ауылы ауылдың негізін құрған мұғалімнің құрметіне аталған. Ендігі бір деректерде қарадан қыз алған төрелердің ұрпағын қараман атаған. 1881 жылы іргесі қаланған *Тұнба* ауылы *Ебейті көлінің* жағасында орналасқан. И.А. Турсунов *Ебейті* көлінің атауын емдейді деген сөзден шығарады. Шежіреші Зейнолла Оспанұлы *Ебейті* ауыр жараланып, көл жағасында қайтыс болған қалмақ батырының атымен аталған деп таратады. Соған қатысты ел аузындағы аңыз әңгімені келтіріледі.

Су атауымен қатысты ауылдар: *Қараөзек*, *Шарбақкөл* (1983 ж.), *Алкөл* (ХІХ ғасыр), *Есілкөл* (1893 ж.).

Қайбір ауыл аттарына ауылды құрушылардың есімі берілген. *Үлкен Ысқақ* ауылы адамдары 1916 жылы Барабин даласынан қоныс аударған. Құжат бойынша ауыл 1866 жылы құрылған деп саналады. *Тоғанас*, *Қоянбай*, *Қойшыбай* ауылдарының іргесі ХІХ ғасырда құрылған. *Қойшыбай* ауылының маңында орманда 30-жылдарға дейін Бірінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында салынған бу диірмені болған. Оны Көкшетаудан мал әкеліп байыған Иса Жақсыбаев салған. Сібірдің кішкене ауылында диірменнің пайда болуы қазақ халқының капиталистік құрылысқа ыңғайланғанын білдіреді. Ал Исаның өзі табысты кәсіпкер болған. Құдай жолын ұмытпай, мешіт

салдырған. Адамдарға да көмегі мол болған, құдықтар қаздырған. Бу диірменінде әскери тұтқын Иосип Броз Тито жұмыс істеген. Иосип көрші деревнядан сүйіктісі Полина Белоусовамен кездесіп, екеуі үйленгенде, Иса оған ағаш үйін босатып береді. Иса оны маман ретінде жоғары бағалаған. Бұл жөнінде Броз Титоның естелік кітабында жазылған. 30-жылдардың басында диірмен тәркіленеді, ал Иса 1937 жылы репрессияға ұшырайды.

Қангелді (1860 ж.), *Сегізбай* (1776 ж.), *Байымбет* (XIX ғасыр) ауылдары құрылған. Байымбет қажылыққа Меккеге барған, Түркістанда Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің іргесінде жерленген.

Кейбір ауылдар аттары жоңғар шапқыншылығын еске салады. *Қайдауыл* ақсақал жоңғарларға аттанған жігіттерге бата беріп, олжаларының ең бастысын, бағалысын беруді өтінеді. Жорықтан оралған жігіттер ақсақалға жүйрік ат тартады. Бірақ ақсақал жоңғардың тұтқынға түскен сұлу қызын тандайды. XIX ғасырдың соңында құрылған *Кәрі Жанан* ауылы тұтқынға түсіп, қазақ отбасында тәрбиеленген жоңғар бала есімімен аталған. Іргесі XVIII ғасырда қаланған *Даргер* ауылы жоңғар емшінің аты екен. *Бакзе*, *Домбай* (1700 ж.), *Құттымбет* (1800 ж.), *Дүйсетай* (1846 ж.) ауылдары құрылған. Шамамен XIX ғасырда құрылған *Байділдин* ауылы Покров болысының биінің атымен аталған.

Бір макроэтноним *Керей* ауылы Называевск ауданында сақталған. Бұрын *Қытшақ*, *Найман* ауылдары болған. *Арғын-Атығай*, *Қарауыл*, *Қанжығалы* микроэтноним ауылдары жатады. Кіші жүздің Жетіруына жататын *Рамадан*, *Табын* ауылдары бар. Олардың Сібірге келуі 1848 жылы Исатай Тайманов көтерілісінің жеңілісімен байланысты (Турсунов, 2000: 8-11).

Мәдениет және тарихи ескерткіштердің Бүкілресейлік қоғамының Омбы бөлімінің қызметкері И.Е. Бродский қаладағы көне және тарихи бағалы саналатын Қаржас қорымын XVIII ғасыр ескерткішіне жатқызады. Онда жерленгендер бүгінгі Қаржас қазақтарының ата-бабалары екенін, сөздің шығу төркіні *кәрі* және *жас* деген екі сөздің бірігуінен жасалғанын айтады (Бродский, 2007). Көне қазақ молаларын зерттеумен 20 жыл айналысқан этнограф-тарихшы Шолпан Ахметова зираттың 18 ғасыр карталарында көрініс тапқанын білдіреді.

5. Қорытынды

Қорыта айтқанда, Шыңғыс хан дәуірінен бұрын ата-бабамыздың құт мекені мен ырысына айналған ұлан байтақ Сібір жері қазаққа бөтен болмаған. Оның басты белгісі – ғасырлар куәсі, қазығы болып бізге жеткен Омбы аймағындағы жер-су мен мекен-жай атаулары. Жер-су, мекен атаулары аз уақыттың, бір сәттің жемісі емес. Ол – ғасырларға созылған қоныстанушылықтың халық жадында сақталған тарихы. Мал шаруашылығымен көшіп-қонып өмір кешкен Орта жүз, Кіші жүз ру-тайпалары Батыс Сібір аймағын ен жайлап, қоныс еткен. Жер мен суға бауыр басып, сырын-белгісін, табиғатын, құбылысын аңдап, түрлі атаулар беріп, атажұртына айналдырып өсіп-өнген. Үш жүз жыл салтанат құрған «Тайбұға жұртын», Көшім хандығын тарих бетінен ешкім сызып тастай алмайды. «Тайбұға жұрты» мен Көшім хандығы қазіргі қазақ халқын құрайтын арғын, қыпшақ, керей, уақ, найман, жалайыр, меркіт, қаңлы, Кіші жүз рулары руларынан болғанын тағы да ешкім жоққа шығармайды. XX ғасырдың басындағы Қазан төңкерісіне дейін қазақ ауылдары Омбы жерінде көп

болған. Талай Алаш ардақтылары дүниеге келген. XX ғасырдың 30-жылдарының басындағы қырғын ашаршылықта тарихи жадынан айырылмаған қазақ елінің бір бөлігі Сібірді атажұрт санап, көш бетін түзеген. Омбы жерінің тарихы күрделі де қасіретті. Отаршылдық басқыншылықпен соғыс алаңына айналған. Еріксіз атажұрттан көшкен, ығысқан. Есепсіз қырғын тапқан. Қаһармандық танытып, жан алып, жан беріп арпалысқан. Қазіргі уақыттағы жергілікті өлкетанушылардың, тарихшылардың Омбы тарихын тереңдей зерттеуі тарихи әділеттіліктің орнығуына жол ашады деп білеміз.

Омбы топонимикасы – күрделі, қайшылықты сала. Ресей ғалымдарының Омбы жерінің байырғы тұрғындарын «Сібір татарлары» деп жалпы атпен бұрмалай атауы жалған көзқарасқа, теріс тенденцияға құрылған. Ал жер-су атауларының бүгінгі қазаққа ұғымды, айқын болуы көп сырды аңдатады. Өкінішке орай, көптеген жер-су, елді мекен атаулары өзгеріске ұшыраған, не мүлде жойылған. Әсіресе, мұндай науқаншылдық XX ғасырдың 50-60 жылдары колхоз-совхоздың ірілендірілуімен күшті қарқынмен орындалған. Дегенмен, өктемдік пен қиянатты көптеп бастан кешірген Омбы аймағындағы қазақ топонимикасы жойылып кеткен жоқ. Әлі де сүрлеу-іздері көрініс береді. Сондықтан қазақы жер-су, мекен-жай аттарын зерттеу, оларға қатысты тарихи аңыздарды, ел әңгімелерін жинап, ғылыми айналымға енгізу өзекті мәселе саналады. Ел-жұрт тарихын, қазақ елінің тарихын шынайы тануда маңызды. Шын тарих отаршылдықтың өктемдігін кешпейді. Жеңіліс тапқан, жерінен айырылған халықтың да өкінішін, қайғысын, қателігін бейнелейді.

Әдебиеттер:

1. Андреев И.Г. Описание Средней Орды киргиз-кайсаков. – Алматы, 1998. – 280 с.
2. Ахметова Ш.К. История формирования казахского населения Омска в XVIII – XIX веках // Казахи Омского Прииртышья: история и современность. – Омск: Издатель-Полиграфист, 2007. – С. 13 – 24.; Ахметова Ш.К. Малоизученные страницы деятельности общества «Бірлік» и партии «Уш жуз» в Омске в 1914 – 1918 годах // Казахи Омского Прииртышья: история и современность. – Омск: Издатель-Полиграфист, 2007. – С. 25 – 28.
3. Ахметова Ш.К., Толлеко И.В. Казахские кладбища Омского Прииртышья как объекты культурно-исторического наследия. Кіт. Казахи Омского Прииртышья: история и современность / Отв. Ред. Ш.К. Ахметова, Н.А. Томилов. – Омск: Издатель-Полиграфист, 2007. – 212 с.
4. Ашамайлы-Керей Танаш баба шежіресі. / Құрастырған: Аманжол Күзембайұлы. – Қостанай: Центрум, 2011. – 732 б.
5. Бижожин Қ. Аты аңызға айналған бабалар. Бағылан би. Казахи Омского Прииртышья: история и современность / Отв. Ред. Ш.К. Ахметова, Н.А. Томилов. – Омск: Издатель-Полиграфист, 2007. – 212 с.
6. Бродский, И.Е. Кладбище аула Каржас - старейший мусульманский некрополь на территории современного Омска / И.Е. Бродский. – С.38-40; Казахи Омского Прииртышья: история и современность / Отв. Ред. Ш.К. Ахметова, Н.А. Томилов. – Омск: Издатель-Полиграфист, 2007. – 212 с.
7. Дәстем сал Қарабасұлы. «Дәстемнама». Ашамайлы-керей Танаш баба шежіресі. / Құрастырған: Аманжол Күзембайұлы. – Қостанай: Центрум, 2011. – 732 б.
8. Кабульдинов З.Е. Казахи Тобольской и Томской губерний во второй половине XVIII-XX вв. - Павлодар, 2001. – с. 293; Казахи внутренних губерний России во второй половине XVIII - начале XX веков (историко-демографический аспект). – Павлодар, 2002. - 232 с.; Казахи России в XVIII-начале XX. – Алматы, 2009. – 400 с.
9. Кабульдинов З.Е. Казахи Омской области: история заселения. Казахи Омского Прииртышья: история и современность / Отв. Ред. Ш.К. Ахметова, Н.А. Томилов. – Омск: Издатель-Полиграфист, 2007. – 212 с.
10. Кәрібаев Ш. Сібір жұрты немесе Көшім хандығы құлағаннан кейін Батыс Сібір аймағында өзгеріске ұшыраған жер-сулардың байырғы атаулары. kerey.kz

11. Kulbarak, S., Botabayeva, Z., & Kulamanova, S. (2023). The usage of place and water names in the literary work. The Scientific Journal "Keruen", 78(1). <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2023.1-09>
12. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей / под общ. ред. акад. М.К. Козыбаева – Алматы: Санат, 2009. – 656 стр.
13. Омбы қазақтары мектептерге қазақ тілі пәнін қайтаруға талпынып жатыр. <https://kazbilim.kz/?p=8499>, 2019.
14. Сибирский Краевой Исполнительный Комитет статический отдел. Список населенных мест Сибирского края. Том первый округа Юго-Западной Сибири. Новосибирск, 1928. Омский округ. 97-219 с.
15. Турсунов И.А. Очерки истории казахов Омского Прииртышья: Учебное пособие. – Омск: ОО-ИПКРО, 2000. – 68 с.: ил. 12
16. Tuyakbaev G., Taiman S., Botabayeva Zh. (2023) Motives common to Turkic people in Kazakh toponymic legends // Milli folklor. Sayı 138. DOI 10.58242/millifolklor.1185586
17. Эбейты. Википедия <https://ru.wikipedia.org/wiki/Эбейты>

References:

1. Akhmetova Sh.K. (2007) History of the formation of the Kazakh population of Omsk in the 18th – 19th centuries // Kazakhs of the Omsk Irtysh region: history and modernity. – Omsk: İzdatel-Poligrafist, – pp.13 – 24.; Akhmetova Sh.K. (2007) Little-studied pages of the activities of the Birlik society and the Ush Zhuz party in Omsk in 1914-1918 // Kazakhs of the Omsk Irtysh region: history and modernity. – Omsk: İzdatel-Poligrafist, – pp.25 – 28. (in Russ)
2. Akhmetova Sh.K., Tolleko I.V. (2007) Kazakh cemeteries of the Osmian Irtysh region as objects of cultural and historical heritage. Kazakhs of the Omsk Irtysh region: history and modernity / Res. Ed. Sh.K. Akhmetova, N.A. Tomilov. – Omsk: İzdatel-Poligrafist, – 212 p. (in Russ)
3. Andreev I.G. (1998) Description of the Middle Horde of Kirghiz-Kaisaks. – Almaty, – 280 p. (in Russ)
4. Ashamayly-Kerei Tanash baba shezhiresi. (2011) Compiled by: Amanzhol Kuzembayuly. Kostanay: Tsentrum, – 732 p. (in Kaz)
5. Bigozhin K. (2007) legendary ancestors. Bagylan bi. Kazakhs of the Omsk Irtysh region: history and modernity / Res. Ed. Akhmetova Sh. K., Tomilov N.A. – Omsk: İzdatel-Poligrafist, – 212 p. (in Kaz)
6. Brodsky I.E. (2007) Karzhas cemetery is the oldest Muslim necropolis on the territory of modern Omsk / I.E. Brodsky. - pp. 38-40; Kazakh Omskogo Priirtyshya: history and modernity / Res. Ed. Sh.K. Akhmetova, N.A. Tomilov. – Omsk: İzdatel-Poligrafist, – 212 p. (in Russ)
7. Dastem sal Karabasuly. (2011) «Dastemnama». Ashamayly-Kerei Tanash baba shezhiresi. Compiled by: Amanzhol Kuzembayuly. Kostanay: Tsentrum, – 732 p. (in Kaz)
8. Ebeity. Wikipedia <https://ru.wikipedia.org/wiki/Эбейты> (in Russ)
9. Kabuldinov Z.E. (2001) Kazakhs of Tobolsk and Tomsk provinces in the second half of the 18th-20th centuries. - Pavlodar, - 293 p; (2002) Kazakhs of the internal provinces of Russia in the second half of the 18th - early 20th centuries (historical and demographic aspect). – Pavlodar, – 232 p; (2009) Kazakhs of Russia in the XVIII-early XX. - Almaty, – 400 p. (in Russ)
10. Kabuldinov Z.E. (2007) Kazakhs of the Omsk region: history of settlement. Kazakhs of the Omsk Irtysh region: history and modernity / Res. Ed. Sh.K. Akhmetova, N.A. Tomilov. – Omsk: İzdatel-Poligrafist, – 212 p. (in Russ)
11. Karibaev Sh. Indigenous names of places and waters that have changed in the West Siberian region after the fall of the Siberian people or Kushim Khanate. kerek.kz (in Kaz)
12. Kazakhs of Ombiare trying to return the subject of the Kazakh language to schools <https://kazbilim.kz/?p=8499> (in Kaz)
13. Kulbarak, S., Botabayeva, Z., & Kulamanova, S. (2023). The usage of place and water names in the literary work. The Scientific Journal "Keruen", 78(1). <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2023.1-09> (in Kaz)
14. Levshin A.I. (2009) Description of the Kyrgyz-Cossack, or Kyrgyz-Kaisats, hordes and steppes / under the general editorship of Academician M.K. Kozybaev – Almaty: Sanat, – 656 p. (in Russ)
15. Siberian Regional Executive Committee static department. (1928) List of populated places in the Siberian Territory. Volume one of the districts of South-Western Siberia. – Novosibirsk, Omski okrug. – pp. 97-219. (in Russ)
16. Tursunov I.A. (2000) Essays on the history of the Kazakhs of the Omsk Irtysh region: Textbook. – Omsk: ООІПКРО, – 68 p.: or. 12. (in Russ)
17. Tuyakbaev G., Taiman S., Botabayeva Zh. (2023) Motives common to Turkic people in Kazakh toponymic legends // Milli folklor. Sayı 138. DOI 10.58242/millifolklor.1185586 (in Turk)